



**«Білім беру мекемелерінің Қауымдастығы
(QazCOOP)» ЗТБ-ның
2025 жылығы «30» шілдедегі №__ Шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары колледжі»
мекемесінің
Жарғысы**

Қостанай қ. 2025 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1 «Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары колледжі» мекемесі (бұдан әрі - Колледж) білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін, «Мекеме» ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне иелік ететін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2 Колледждің мәртебесі: жеке меншік мекеме.

1.3 Колледждің құрылтайшысы «Білім беру мекемелерінің Қауымдастығы (QazCOOP)» заңды тұлғалар бірлестігі болып табылады.

1.4 Колледж өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерін, Құрылтайшының және білім беру саласындағы уәкілетті органның шешімдері мен нұсқауларын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.5. Колледждің атауы:

- мемлекеттік тілде: **«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары колледжі»** мекемесі;

- орыс тілінде: Учреждение **«Костанайский высший колледж Казпотребсоюза»**.

1.6 Колледждің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы, 99 үй.

2. Колледждің құқықтық мәртебесі

2.1 Колледждің жедел басқару құқығындағы мүлкі, дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы бар мөрі, штамптары мен бланкілері бар.

2.2 Колледж өз атынан азаматтық-құқықтық шарттар жасай алады, мүліктік және өзге де құқықтар мен міндеттерді иеленіп, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.3 Колледж өз міндеттемелері бойынша өз қарамағындағы ақшалай қаражатпен жауап береді. Ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Колледждің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті Құрылтайшы өз мойнына алады.

2.4 Колледждің заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі оның мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап туындайды.

2.5 Колледж қызметін мерзімсіз, яғни шектеусіз уақытқа арналып құрылған.

3. Колледж қызметінің мәні мен мақсаты

3.1 Колледж қызметінің негізгі бағыты – жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

3.2 Колледж қызметінің басты мақсаты:

- еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті білікті жұмысшы кадрларын және орта буын мамандарын даярлау;
- білім алушыларға сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, отансүйгіштік сезімін, адамгершілік қасиеттері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

3.3 Колледж өз қызметі аясында мына бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) қоғам мен еңбек нарығының өзгерістеріне бейімделуге мүмкіндік беретін заманауи оқыту технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

3) жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастық орнатып, білім беру бағдарламалары мен мамандар даярлау сапасын жетілдіру;

4) мамандарды қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қысқа мерзімді кәсіби оқыту курстарын ұйымдастыру;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандарды даярлау;

6) жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде семинарлар, тренингтер, шеберлік сабақтары мен конференциялар ұйымдастыру;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

3.4. Колледж техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мамандықтар мен біліктіліктер классификаторына сәйкес, уәкілетті орган (лицензиар) берген лицензия негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

4. Колледжді басқару органдары

4.1 Колледжді басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғарғы басқару органы – Құрылтайшы;
- 2) атқарушы басқару органы – Директор;
- 3) бақылау органы – Ревизор.

4.2 Колледждің білім беру қызметін мемлекеттік реттеу және басқару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3 Құрылтайшы Колледж қызметіне қатысты кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқылы.

4.4 Құрылтайшының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- 1) Колледж Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Колледждің басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын айқындау, директорды, бас бухгалтерді және директордың орынбасарын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;

- 3) заңнамада белгіленген шектерде Колледждің басқа заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді құруға немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
- 4) Колледж мүлкін басқару, оның ішінде мүлікті кепілге беру, жалға тапсыру, өтеусіз пайдалану не сенімгерлік басқаруға беру;
- 5) Колледждің қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органы жүргізетін тексерудің тәртібі мен нәтижелерін бекіту;
- 6) кірістер мен шығыстар сметасын, штаттық кестені, еңбекақы қоры мен төлем нысандарын бекіту;
- 7) Колледжді ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау.

4.5 Директор Колледждің ағымдағы қызметін басқарады, Құрылтайшыға есеп береді және келесі өкілеттіктерге ие:

- 1) Колледж атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік және өзге де органдарда оның мүддесін білдіреді;
- 2) Құрылтайшы бекіткен смета шегінде қаржы қаражатын, соның ішінде материалдық-техникалық базаны дамытуға арналған қаражатты басқарады;
- 3) шарттар, оның ішінде еңбек шарттарын жасайды, сенімхаттар береді;
- 4) банк мекемелерінде шоттар ашады;
- 5) бұйрықтар шығарады және Колледж қызметкерлері орындауға міндетті жазбаша нұсқаулар береді;
- 6) Колледж қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, оларды көтермелеу мен тәртіптік жазалау шараларын қолданады;
- 7) директордың орынбасары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының жеке міндеттерін бекітеді;
- 8) уәкілетті орган мен Құрылтайшының шешімдері мен талаптарының орындалуын ұйымдастырады;
- 9) архив жұмысын ұйымдастырады, Колледждің ішкі еңбек тәртібі ережелерін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеп, бекітеді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, бірақ осы Жарғы бойынша Құрылтайшының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де ағымдағы мәселелерді шешеді.

4.6 Директор Колледждің қызметі үшін жеке жауапкершілік алады, атап айтқанда:

- 1) қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйіне, Колледж мүлкі мен мұрағатының сақталуына;
- 2) білім алушылардың, педагогтардың және өзге қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына;
- 3) өз құзыретіне жататын міндеттердің орындалмауына;
- 4) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларының орындалмауына;

- 5) оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың, педагогтардың және өзге қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына;
- 6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де міндеттемелердің бұзылуына жауап береді.
- 4.7 Колледждің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Құрылтайшы тағайындайтын Ревизор жүзеге асырады.
- 4.8 Ревизор өз қызметін Құрылтайшының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырады, оған есеп береді және оның қарамағында болады.

5. Колледж мүлкін қалыптастыру көздері

- 5.1 Колледждің жедел басқару құқығында оның қызметін материалдық қамтамасыз етуге қажетті нысандар мен мүлік болады, олардың құрамы осы Жарғыда айқындалады.
- 5.2 Колледж мүлкін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көздері мыналар болып табылады:
- Құрылтайшыдан түсетін қаражаттар;
 - ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылық көмектер;
 - білім беру және өзге де қызмет түрлерін көрсету нәтижесінде алынған түсімдер (табыстар);
 - заңмен тыйым салынбаған өзге де кірістер.
- 5.3 Колледждің жедел басқаруындағы мүлікті пайдаланудан түскен кірістер, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алынған мүлік Құрылтайшының меншігі болып табылады және белгіленген тәртіппен Колледждің жедел басқаруына беріледі.
- 5.4 Колледждің мүлікке жедел басқару құқығы мүлікті жедел басқаруға беру туралы шартқа қол қойылған және ол уәкілетті органдарда тіркелген сәттен бастап, сондай-ақ бұл мүліктің құны Колледждің балансында көрсетілген кезден бастап туындайды.
- 5.5 Колледж өзіне бекітіліп берілген немесе смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен басқаруға құқылы емес.

6. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

- 6.1 Колледж тиісті лицензиясы болған жағдайда жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.
- 6.2 Колледж жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының мазмұны білім беру саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен кәсіби стандарттар талаптарына сәйкес белгіленеді.
- 6.3 Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту бағдарламаларынан, сондай-ақ кәсіби практикадан тұрады.

6.4 Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін білім беру бағдарламалары жалпы білім беретін пәндер модульдерін және таңдаған мамандығына сәйкес оқу-өндірістік жұмыстарды қамтиды.

6.5 Білім беру бағдарламалары техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын жоғары оқу орындарының 1–2 курс бағдарламаларымен интеграциялана отырып оқытуды көздейді.

6.6 Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары орта (жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік) білімі бар азаматтар арасынан орта буын және қолданбалы бакалавриат мамандарын даярлауға бағытталған.

6.7 Колледж жүзеге асыратын орта білімнен кейінгі кәсіби бағдарламалар техникалық және кәсіптік білім берудің интеграцияланған, екі деңгейлі модульдік бағдарламаларын және бакалавриаттың жекелеген пәндерін қамтиды.

6.8 Колледж дуальды оқыту жүйесін енгізеді, ол оқу процесінің кемінде алпыс пайызы өндірістік оқыту мен тәжірибені кәсіпорын базасында өткізуге негізделген теория мен тәжірибенің үйлесімін көздейді.

7. Колледжге оқуға қабылдау тәртібі

7.1 Колледжге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

7.2 Колледжге негізгі орта немесе жалпы орта білімі бар тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламентіне сәйкес қабылданады — «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлайтын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметі арқылы.

7.3 Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша азаматтарды оқуға қабылдау уәкілетті білім беру органы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

7.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жекелеген мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқуға қабылдау уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.5 Оқуға өтініштерді қабылдау үшін Колледж директорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Комиссия тақ саннан тұратын мүшелерден жасақталады. Комиссия құрамынан жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады. Қабылдау комиссиясының төрағасы – Колледж директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады. Қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру мен техникалық хатшылардың қызметін жауапты хатшы үйлестіреді. Ол азаматтарды қабылдау, сұрақтарға жауап беру және құжат қабылдау үдерісін жүргізеді.

7.6 Толық оқу курсы аяқтап, қорытынды аттестаттаудан өткен Колледж түлектеріне төмендегі біліктіліктер беріледі: «жұмысшы біліктілігі», «орта буын маманы», «қолданбалы бакалавр» және мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаты тапсырылады.

8. Оқыту мен тәрбиелеудің білім беру процесін (соның ішінде тіл, тілдер) ұйымдастыру тәртібі, білім алушылардың сабақ режимі

8.1 Колледжде оқу күндізгі, қашықтықтан және экстернат түрлерінде жүргізіледі.

8.2 Колледж оқу-тәрбие процесін Қазақстан Республикасының заңнамасына, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес өз бетінше ұйымдастырады.

8.3 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі — оқу және тәрбие жұмысының жоспарлануы мен есебі болып табылады.

8.4 Колледжде оқу және тәрбие жұмысының есебі теориялық және өндірістік оқытудың есеп журналдарын, оқу сағаттары бойынша орындалу кестелерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

8.5 Колледждің тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және олар патриотизмді, азаматтықты, интернационализмді, жоғары адамгершілік пен мәдениетті, сондай-ақ студенттердің жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

8.6 Белгілі бір мамандық бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімі үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес әзірленетін жұмыс оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады.

8.7 Колледждегі оқыту және тіл саясаты мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Тіл туралы» және «Білім туралы» заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.8 Колледж өз бетінше кеңесші-кеңестік (алқалық) органдарды (педагогикалық, әдістемелік кеңестерді, пәндік немесе циклдік комиссияларды), сондай-ақ дайындық курстарын, оқу-өндірістік шеберханаларды, оқу шаруашылықтарын, оқу полигондарын, біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімдерін құра алады.

8.9 Оқу уақытының жалпы көлемі, апталық жүктеме және академиялық сағаттың ұзақтығы уәкілетті органның нормативті актілерінде белгілеген міндетті оқу жүктемесінің есебінен анықталады.

9. Ақылы қызметтерді ұсыну тәртібі және тізімі

9.1 Колледждің білім беру қызметтері ақылы негізде көрсетіледі, қызметтің мөлшері, төлем мерзімі және өзге де шарттар тараптар арасында жасалатын шартта белгіленеді.

9.2 Егер студент оқу мерзімінің барлық кезеңіне ақы төлемді шарт жасасу кезінде біржолата төлесе, оқу ақысы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз қалады.

9.3 Егер төлем кезең-кезеңімен жүргізілсе, оқу ақысы жылына бір реттен артық өзгертілмейді және ол жалақының өсуі мен инфляция деңгейіне байланысты реттеледі.

9.4 Әлеуметтік көмекке мұқтаж студенттер санаттарына колледж «Білім туралы» заңға сәйкес оқу шығындарын толық немесе ішінара өтеу құқығына ие.

9.5 Колледж студенттерге үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларынан тыс қосымша ақылы қызметтер көрсете алады (балалардың шығармашылығын дамыту, спорт секциялары, мәдениет пен өнерді дамыту бойынша қосымша сабақтар, біліктілікті арттыру және басқа да қосымша қызметтер).

9.6 Ақылы білім беру және қосымша қызметтердің бағасын Колледж жыл сайын (кезең сайын) Құрылтайшымен келіседі.

10. Колледждің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) қарым-қатынасын рәсімдеу тәртібі

10.1 Колледж бен білім алушының (немесе) оның заңды өкілдері арасындағы қатынастар білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт негізінде реттеледі.

10.2 Колледжде білім алушы тұлғалар құқылы:

- 1) үлгілік оқу жоспарлары және үлгілік оқу бағдарламалары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) Колледждің ақпараттық ресурстарын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерін және құралдарын тегін пайдалануға;
- 3) Колледждің спорттық, кітапхана, оқу және акт залдарының қызметін тегін пайдалануға;
- 4) адамның ар-намысының құрметтелуіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген шектерде өзінің көзқарастары мен нанымдарын еркін білдіруге;
- 5) оқу, ғылыми және шығармашылық жетістіктері үшін мадақтау мен марапат алуға.

10.3 Колледжде білім алушы тұлғалар міндетті:

- 1) таңдап алған мамандығы бойынша білім, білік және практикалық дағдыларды меңгеруге;
- 2) сабақтарға адал қатысу, оқу білім беру бағдарламасындағы барлық сабақ түрлеріне қатысуға;
- 3) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық дамуға ұмтылуға;
- 4) Колледж мүлкін ұқыпты пайдалануға;
- 5) басқа студенттер мен колледж қызметкерлерінің ар-намысын құрметтеуге;
- 6) Колледждің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- 7) оқу шартының талаптарын уақтылы орындау;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген өзге талаптарды орындауға міндетті.

10.4 Міндеттерін бұзған білім алушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасына, колледждің ішкі тәртіп ережелеріне және оқу шартына сәйкес тәртіптік немесе өзге де шаралар қолданылады.

10.5 Білім алушы тұлғалардың ата-анасы немесе олардың заңды өкілдері құқылы:

- 1) балаларының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- 2) балаларының үлгерімі мен тәртібі, оқу процесінің жағдайы туралы ақпарат алуға;
- 3) Колледждің кеңесші және алқалық органдарының жұмысына қатысуға құқығы бар.

10.6 Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің міндеттері:

- 1) өз балаларының интеллектуалдық және физикалық қабілеттерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ететін балалардың өмірі үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға;
- 2) өз балаларының тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға;
- 3) білім беру қызметтері туралы шарт талаптарын толық және уақытылы орындауға;
- 4) балаларының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;
- 5) Колледжге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес басқа міндеттерді сақтауға.

11. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, нысандары және оларды өткізу тәртібі

11.1 Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында Колледж үлгерімін ағымдық бақылауды жүзеге асырады және білім саласындағы уәкілетті органның нормативті актілеріне сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізеді.

11.2 Колледж білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүзеге асыру және оларға аралық аттестаттау жүргізу нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

11.3 Колледжде оқу сабақтарының келесі түрлері қолданылады: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмысы, студенттің өзіндік жұмысы, студенттің педагогпен өзіндік жұмысы, факультативтер, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау, демонстрациялық емтихан.

11.4 Аудиториялық сабақтардың ұзақтығы және білім алушылардың білім сапасын бағалау «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, білім беру саласындағы уәкілетті органның ережелері мен нұсқауларына сәйкес жүргізіледі.

11.5 Кәсіби практика түрлері, мерзімі және мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына, мамандықтар бойынша кәсіби стандарттарға сәйкес жұмыс оқу жоспарларымен айқындалады.

11.6 Білім алушылардың кәсіби практикасын өткізу үшін Колледж практика базасы ретінде кәсіпорындарды анықтайды, шарттық негізде онымен келісілген бағдарламалар және практикадан өтудің күнтізбелік кестелері, сондай-ақ өзге шарттар мен тараптардың міндеттемелері бекітіледі.

12. Студенттерді оқудан шығару негіздері мен тәртібі

12.1 Білім алушылар келесі негіздер бойынша оқудан шығарылады:

- 1) өз еркімен;
- 2) денсаулық жағдайына байланысты;
- 3) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеушілік немесе себепсіз сабақ қалдыруы үшін;
- 5) оқу тәртібін және ішкі ережелерді бұзғаны үшін;
- 6) білім беру қызметтері туралы шарт талаптарын бұзғаны үшін;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.

12.2 Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және білім саласындағы уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес жүргізіледі.

13. Колледждің педагог қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

13.1 Педагог қызметкерлер мен колледж арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты негізінде реттеледі.

13.2 Педагогтік қызметпен арнайы жоғары педагогикалық немесе кәсіби білімі бар тұлғалар айналыса алады.

13.3 Педагог қызметкерлердің құқықтары:

- 1) кәсіби біліктілігін арттыруға;
- 2) Колледждің оқу-әдістемелік құралдарын және өзге әдістемелік құжаттарын жетілдіру жөніндегі жұмысқа қатысуға;
- 3) еңбек жағдайларын қамтамасыз етілген педагогикалық қызметпен ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға;
- 4) Колледждің консультативтік-кеңестік (алқалық) органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) кәсіби ар-намысын және қадір-қасиетін қорғауға;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды иеленуге құқығы бар.

13.4 Педагог қызметкерлердің міндеттері:

- 1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім алушы тұлғалардың білімдер, қабілеттер және дағдылар алуын қамтамасыз етуге;
- 2) білім алушылардың дербес және шығармашылық қабілеттерінің дамуына қолғабыс көрсетуге;
- 3) лауазымдық міндеттерін адал орындауға;
- 4) еңбек тәртібі мен қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;
- 5) өз біліктілігін көтеруге және бес жылда бір реттен сирек емес аттестаттаудан өтуге;
- 6) білім алушылардың және жұмыстағы әріптестерінің қадір-қасиетін құрметтеуге;

- 7) салауатты өмір салтын жүргізуге және оны білім алушы тұлғалардың арасында насихаттауға;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге талаптарды сақтауға міндетті.

14. Қаржыландыру, есеп және есептілік

14.1 Колледждің қызметі ақылы білім беру және өзге де қызметтерден түскен кірістер, Құрылтайшы қаражаттарының және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

14.2 Колледждің қаржылық қаражатын пайдалану Құрылтайшы бекіткен кірістер мен шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырылады.

14.3 Ағымдағы оқу (күнтізбелік) жылда пайдаланылмаған қаржы қаражаттары келесі оқу (күнтізбелік) жылы Колледждің қызметін ұстауға көшіріледі.

14.4 Колледж қызметкерлерінің еңбекақы жүйесін Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

14.5 Колледж белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп жүргізіп, қаржылық және статистикалық есептілікті жасайды.

14.6 Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептілігін жасау «Бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Құрылтайшымен келісім бойынша Колледж директоры бекіткен Есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Халықаралық ынтымақтастық және сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру

15.1 Колледж Құрылтайшымен келісім бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға және шетелдік білім беру ұйымдарымен тікелей байланыс орнатуға құқылы.

15.2 Шет мемлекеттердің азаматтарын оқыту, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, студенттер, педагог және ғылыми қызметкерлер алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуға Құрылтайшының рұқсатымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер

16.1 Осы Жарғы бекітілген күнге Колледждің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

17. Колледжді қайта ұйымдастыру және тарату

17.1 Колледжді қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлу арқылы шығару, қайта құру) Құрылтайшының шешімімен және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен өзге заң актілеріне сәйкес жүргізіледі.

17.2 Колледж Құрылтайшының шешімімен ерікті түрде немесе сот шешімімен мәжбүрлі түрде таратылуы мүмкін.

17.3 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл жөнінде әділет органына жазбаша хабарлайды, тарату комиссиясын (таратушыны) хабарлайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Колледжді тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

17.4 Құрылтайшы немесе Колледжді тарату туралы шешім қабылдаған орган оқу жылын аяқтау үшін басқа білім беру ұйымдарында білім алушыларды «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіптен және шарттарда қабылдауға міндетті.

18. Қорытынды ережелер

18.1 Колледж таратылған жағдайда кредиторлар талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік Құрылтайшыға беріледі.

18.2 Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының басқармасының қаулысы негізінде енгізіледі.

18.3 Осы Жарғыда көзделмеген өзге мәселелер бойынша Колледж Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары колледжі» мекемесінің директоры Байгабелов А.У.

